

Педагогикалық кеңес
Хаттама №1

Күні: 21.08.2026ж.

Тақырыбы: «2026-2027 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқу процесінің ерекшеліктері»

Қатысушылар :

Балабақша меңгерушісі :Д.Ирзабекова

Тәрбиешілер саны : 4адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1.Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарды қорытындылау *(сауықтыру жұмысының сараптамасы)*

2.Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы

3.2026-2027 оқу жылына бөбекжай жұмысының жылдық міндеттерін бекіту

*Жаңа 2026-2027 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқк жоспарларын бекіту.

*Күн тәртібі, ҮІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.(толықтыру)

Тыңдалды.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.Ирзабекова өз сөзінде 2025жылғы жаз мезгілінде жоспарланған жазғы перспективалық сауықтыру шаралары мерзіммен сәйкес өткізілді. Барлық балалар нұсаулықтары нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастыра білді.

Жарыс сөз:

1.2. Топ тәрбиешісі Болатова Гулназ өз сөзінде – барлықтарыңды жаңа оқу жылымен құттықтаймын әдіскер сөзімен келісемін жазғы сауықтыру шаралары жоспарлы түрде, басшылықтың бақылауымен уақтылы ұйымдастырылды. Шығармашылық табыс тілеймін.

Тыңдалды:

2.1 Екінші мәселе бойынша балабақша директоры Д.Ирзабекова жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды. Мақсат міндеттерді алға қоя отырып оқу тәрбие жұмысын жоспарлап. Баланың дамып жеке тұлға болып қалыптасуына баланың қажеттіліктерімен қамтамасыз етеміз. Сондықтан әрбір тәрбиеші тәрбиелеу мен оқытуды жаңашаландырып өткізу алған қойылған мақсаттарың болсын. Білім берудің алғашқы баспалдағы балабақшадан басталады.Әрбір жаңашыл тәрбиеші терең теориялы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шебер, балалардың жанын түсінетін тұлға болу керек.Топтардың перспективалық жоспарларын бекітіп алынған мақсаттың іске асырылуы және жаңа технологияларды енгізуді талап етті және жаңа оқу жылында тәрбиешілерге жұмыстарына табыс тіледі. 2025-2026 оқу жылына дайындық, балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлінгендігі, жаңа оқу жылына Типтік үлгілік оқу бағдарламасымен және биылғы оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хатымен таныстырды.. Білім саласын жаңарту мазмұнында өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша топтардың перспективалық жоспарлары , вариативтік жоспарлары бекітілді. Директор Д.Ирзабекова педагогтерді бөбекжайдың ішкі тәртібімен таныстырып, ішкі тәртіпті бекітті. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бұйрықпен таныстырды. Бекітілген кесте бойынша шықпай, әкімшілікке ескертусіз жұмыс кестесін ауыстырып тәртіпті бұзған адамға шара


Жарыс сөз

Шешими:

1. Бірінші мәселе бойынша топтардың жазғы сауықтыру шаралары қанағаттанарлық деп есептелсін. (жауаптылар: Д.Ирзабекова-әдіскер)
2. Топтардың 2026-2027 оқу жылының перспективалық жоспарлары бекітілсін. (жауаптылар: Ирзабекова Д-әдіскер)
3. Бекітілген ішкі тәртіп сақталсын. (жауаптылар: директор Д.Ирзабекова)

Төрайымы
Хатшы

Д.Ирзабекова
А.Таменова



Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

2026 оқу жылының жазғы кезеңінде балабақшада тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, дене белсенділігін арттыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру мақсатында кешенді сауықтыру жұмыстары жүргізілді.

Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес құрылып, барлық жас ерекшелік топтарында жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жұмыс барысында балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы және жеке қызығушылықтары ескерілді.

Жаз айларында күн тәртібіне сәйкес балалардың таза ауада болу уақыты ұзартылды. Таңертеңгі гимнастика, сергіту жаттығулары, қимылды ойындар және спорттық іс-шаралар күн сайын ұйымдастырылды. Балалардың дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру мақсатында «Көңілді старттар», «Денсаулық күні», «Спорт – денсаулық кепілі» атты спорттық мерекелер өткізілді.

Сауықтыру жұмыстары барысында шынықтыру шараларына ерекше көңіл бөлінді. Атап айтқанда, ауа және күн ванналары, жалаңаяқ жүру, су процедуралары, серуен кезіндегі белсенді қозғалыс ойындары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар балалардың иммунитетін нығайтып, денсаулық көрсеткіштерінің жақсаруына оң әсерін тигізді.

Жаз мезгілінде экологиялық тәрбие беру жұмыстары да жүйелі жүргізілді. Балалар табиғат құбылыстарын бақылап, гүлдер мен ағаштарға күтім жасауға қатысты. «Табиғатты аялайық», «Гүлдер әлемі», «Жас бағбан» тақырыптарында танымдық іс-шаралар өткізілді. Бұл жұмыстар тәрбиеленушілердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастырды.

Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру жұмыстары ұйымдастырылды. Ашық ауада асфальтқа сурет салу, табиғи материалдардан бұйымдар жасау сияқты қызықты жұмыстар өткізілді.

Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Жол қозғалысы ережелері, судағы қауіпсіздік, күннен қорғану, табиғат аясындағы қауіпсіздік туралы әңгімелер мен ойын сабақтары өткізілді. Ата-аналарға жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары жөнінде кеңестер мен жадынамалар таратылды.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыстары да белсенді жүргізілді. Олар балабақша аумағын абаттандыру, гүлзарларды күтіп-баптау және түрлі мерекелік іс-шараларға қатысып, балабақша өміріне белсенді араласты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштері тұрақтанып, қимыл-қозғалыс белсенділігі артты, табиғатқа деген қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттері дамыды. Балалардың жазғы демалысы мазмұнды әрі қызықты ұйымдастырылып, қойылған міндеттер толық көлемде орындалды.

Қорытындылай келе, балабақшадағы жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сәйкес тиімді ұйымдастырылып, балалардың денсаулығын нығайтуға, жан-жақты дамуына және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған негізгі мақсаттарға қол жеткізілді.

Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы

2025–2026 оқу жылының басында балабақшаға жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бейімделу кезеңінің негізгі мақсаты – балалардың жаңа ортаға, күн тәртібіне, педагогтер мен құрдастарына үйренуіне қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау болды.

Бейімделу жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, әр баланың жеке ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мінез-құлқы және отбасылық тәрбиесі ескерілді. Тәрбиешілер мен мамандар балаларды күнделікті бақылап, олардың эмоционалдық жағдайына, қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне және іс-әрекетке қатысу белсенділігіне талдау жүргізді.

Бейімделу кезеңінің алғашқы күндерінде кейбір балаларда ата-анасынан ажырау кезінде мазасыздық, жылау, тәбеттің төмендеуі, ұйқының бұзылуы және тұйықтық белгілері байқалды. Бұл жағдайлар мектепке дейінгі ұйымға алғаш келіп отырған балалар үшін қалыпты құбылыс ретінде қарастырылды.

Балалардың балабақшаға тезірек үйренуіне ықпал ету мақсатында ойын технологиялары, психологиялық жаттығулар, сергіту сәттері және қызықты танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Топ бөлмесінде жағымды эмоционалдық орта қалыптастырылып, балалардың бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауына жағдай жасалды.

Тәрбиешілер балалардың күн тәртібіне бейімделуіне ерекше көңіл бөлді. Тамақтану, ұйықтау, серуендеу және оқу қызметтері біртіндеп ұйымдастырылып, балалардың жаңа режимге үйренуіне қолдау көрсетілді. Сонымен қатар әр баланың көңіл күйі мен денсаулық жағдайы күнделікті бақылауда болды.

Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, жеке кеңестер, әңгімелер және сауалнамалар жүргізілді. Ата-аналарға баланың бейімделу кезеңінде үй жағдайында қолдау көрсету, күн тәртібін сақтау және эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар берілді.

Жүргізілген бақылау нәтижесінде балалардың басым бөлігінің балабақша жағдайына сәтті бейімделгені анықталды. Олар тәрбиешілермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас орнатып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге белсенді қатыса бастады. Балалардың эмоционалдық жағдайы тұрақтанып, тәбеті мен ұйқысы қалыпқа келді.

Бейімделу қорытындысы бойынша балалардың көпшілігінде жеңіл және орташа деңгейдегі бейімделу байқалды. Жекелеген тәрбиеленушілерге қосымша психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылуда. Қорытындылай келе, балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңі қанағаттанарлық деңгейде өтті. Жүргізілген жұмыстар балалардың жаңа ортаға тез үйренуіне, жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастыруына және ұжымға сәтті кірігуіне мүмкіндік берді. Алдағы уақытта да балалардың психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету және олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау жұмыстары жалғастырылады.